







10.

ТРЕНИНГ: « ЖЫЛТУУ»




2. «Ұяшықтар» ойыны. (қызықты сұрақтар)



«Балама қандай жылулық беремін?»

Сіз жылуыңызды беріп жатқан күнсіз. Сізден тарап жатқан шуақтарды қалай деп атайсыз. Ата-аналар шығып балаларына күн сияқты қандай жылулық беріп жатсыздар. Мысалы: «Мен баламды мейірімді, жылы сөздер айтып оятамын», «Мен балама күніне бірнеше рет жылы сөздер айтып айналаймын», «Мен мейірімдімін» т.с.с.



Ата-аналарға кеңес

- Балаларыңызды бос жібермеңіз, қадағаланыз. Егер, біз оларға назар аударатын уақыт тапсақ, балалар бізге өз қажеттіліктері мен қызығушылықтары туралы көп нәрсе айтып бере алады.
- Балалар ересек әлемнің бір бөлігі болуды армандайды. Еңбек оларға ойын сияқты ұнайды.
- Балалар ерте жастан бастап көптеген нәрселерді өз бетінше орындағысы келеді. Балаға бірдене істей білуге көмектесе отырып, сіз оған өз күштеріңізге сенім бересіз.
- Егер баланы әр заттың өз орны бар екеніне үйретсе, тиянақтылық пен жинақылық бойына сіңеді.
- Егер бала ойыншықты сындырса, оны тастаманыз, оны түзетуге тырысыңыз және ол арқылы қызықты ойындар ойлап табыңыз. Яғни құндылықтарды түсіндіре біліңіз. Бірақ ойыншық қауіпті болса, пайдаланбаған жөн.

- **Қорытынды.** Адамның бауыр еті, жүреті бала. Біз бүтін сіздермен ең қымбатты бала жаны жайлы ой бөлістік. Ол маңызды, өйткені ол енді ғана өмір деген ұзақ жолға сапарын бастады. Бұл жол - оны рухани байлыққа бастайтын таза және негізгі жол. Бұл жолды барлық нәрсенің басы болып табылатын үлкен әріпшен жазылған **МАХАББАТТАН** бастау керек.